

А 2005

6071к



Нұрсұлтан ӘЛІМҚҰЛОВ



ӘЛІМ БАР,

МЕРЕКЕЛІ



Нұрсұлтан ӘЛІМҚҰЛОВ



**ӘЛІМ БАР,
МЕРЕКЕЛІ**



өлеңдер



Астана
2004

ББК 84 Қаз 7-5

Ә 55,

*Қазақстан Республикасы
Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

**Әндерді жинап, баспаға дайындаран
ақынның қызы
Жазира ӘЛІМҚҰЛОВА.**

Әлімқұлов Н.

Ә 55 Елім бар, мерекелі – Астана: Фолиант,
2004. – 168 бет.

ISBN 9965-619-71-9

*Халқымыздың белгілі ақыны Нұрсұлтан Әлімқұлов
(1928-1982) өнер сүйер қауымға ән мәтінін жазумен
кеңінен танымал еді.*

*Бұл жинаққа ақынның жұртшылық жүрегінен
орын тапқан, халық ішінде жиі орындалатын әндері
топтастырылды.*

Көпшілікке арналады.

Ә $\frac{4702250202}{00(05)-04}$ 04

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-619-71-9

© Әлімқұлов Н., 2004

© Фолиант баспасы, 2004.



1-бөлім



Әлім бар, мерекелі

БАЙҚОҢЫР

Музыкасын жазған Шәмші Қалдаяқов

Арайлы аңсаған асыл армандарымдай,
Әлемге аян Байқоңыр.
Алатау, Алтайдың жасыл ормандарындай,
Кең далам менің - жайлы өмір.

Қайырмасы:

Кең далам менің - жайлы өмір,
Саянда Байқоңыр,
Күлашын жайды өмір...
Жүзінді самал боп аймалайын.
Космостың заманы,
Дәуірдің жаңа өні —
Қазақтың жерінен айналайын.

Аттанған аспанға қыран отандастарым,
Қиялға самғап жол салған.
Өздері ұшырып менің шопан достарым,
Осында қайта қарсы алған.

Қайырмасы

Бұл жерді жайлаған менің абзал достарым,
Бойында толы жақсы арман.
Ерліктің, еңбектің айтып алғаш дастанын,
Достықтың өні басталған.

Қайырмасы:

Достықтың өні басталған,
Саянда Байқоңыр,
Күлашын жайды өмір...
Жүзінді самал боп аймалайын.
Космостың заманы,
Дәуірдің жаңа өні —
Қазақтың жерінен айналайын.

ТАЛҒАРЫМ

Музыкасын жазған Досжан Отеков

Мен туыпшып саясында
тауы биік Талғардың,
Мен өскенмін арасында алма бақтың,
талдардың.
Суы молдір, желі майда
сұлу Талғар мен үшін
Мекені ғой ары таза,
жайдары жүз жандардың.

Қайырмасы:

Сүйемін жасыл талдарын,
Арайлап атқан таңдарын.
Бұлғтардан асқан тауларын,
Сәулетті менің, Талғарым.

Төбесінен сырып тастап
көк түтінін мұнардың.
Ең әуелі Талғар тауға
нұрын шашар туар күн.
Дәл осында туғанымға өскеніме мақтанам,
Отаны бұл — революционер
Рысқұлов Тұрардың.

Қайырмасы.

Осы жерден шарықтаған
арманымның бастауы,
Мәңгі-бақи мөлдірейлі
тауларымның аспаны.
Бейбіт күнде келеді өсіп,
өз гүліндей жайқалып,
Қыран құша қанат жайып
Талғарымның жастары.

Қайырмасы

МОЙЫНҚУМДА

Музыкасын жазған Шәмші Қалдаяқов

Мойынқұмда ел жайлауы,
Ел жайлауы көк шалғын.
Хан тауы мен Жамбыл тауы —
Кең жайлауы достардың.

Қайырмасы:

Мойынқұмда,
Мойынқұмда,
Мойынқұмда жайлауым,
Достарымның дидары жайдары,
Жайдары..
Ей... Ару қыздар,
Ару қыздар,
Сұлу қыздар — сырласым,
Өздерінді құрбың жырласын.

Қалалардай сәулеті бар,
Қарабөгет, Талғабай.
Ағыл-тегіл дәулеті бар,
Шудың бойы малға бай.

Қайырмасы

Жыр алыбы Алатаудан,
Елдің даңқын шарлатты,
Ерлері көп ер атанған,
Жазылбектей ардақты.

Қайырмасы

ЖАРҚЫРАЙДЫ ЖЕЗҚАЗҒАН

Музыкасын жазған Шәміш Қалдаяқов

Қандай теңеу ойлап табам,
Қол жетпестей күз едің,
Екі көзің ойнақтаған,
Жезқазғанның қызы едің.

Кешіре гөр, өтінемін,
Жүрсің бе әлде елендеп?
Сырға тағып кетіп едім,
“Биыл күзде келем”, —деп.

Көзіме оттай басылады,
Кенді белес, адырлар.
Сары алтынды сапырады,
Сом білекті батырлар.

Кеншілердің қаласынан,
Оттың көрдім тізбегін.
Сол жалынның арасынан,
Сәулем, сені іздедім.

Таптым сені, ән шығардым,
Құлашымды сермедім.
Көңілімнің шам-шырағын,
Жағып тұрған сен бе едің?

Бұл әніме қосыласың,
Бар ма бізде өзге арман.
Таң нұрындай ашыласың,
Жарқырайды Жезқазған.

СӘЛЕМ САҒАН, ОҢТҮСТІК

Музыкасын жазған Садық Кәрімбаев

Сәлем саған, гүлденген,
Ақ алтынды аймағым.
Ағытылып жыр менен,
Осы өнімді арнадым.
Гүлге оранған мақтадан,
Сүйсіндік біз жеріңе.
Ел сенімін ақтаған,
Сәлем еңбек еріңе.

Қайырмасы:

Сәлем саған, Оңтүстік,
Ақ алтынды жеріме.
Баршаңызға бір сәлем,
Сәлем еңбек еріңе.

Ер атанған еңбекпен,
Сүйдік ұл мен қызыңды.
Сол еңбекке дем берген,
Ала келдім жырымды.
Сен сыйласаң, ақ алтын,
Қазынасына халқыңның,
Әнім жайса қанатын -
Бұл сіздерге тартуым.

Қайырмасы:

Сәлем саған, Оңтүстік,
Ақ алтынды жеріме.
Баршаңызға бір сәлем,
Сәлем еңбек еріңе.

ТУҒАН ЕЛ

Музыкасын жазған Мансур Сағатов

Байтақ дала — туған жердің,
Қымбат маған әр тасы.
Озен, көлі, самал желі,
Асқар тауы - баршасы.
Алпақ басын мен келемін,
Кең өлкемнің алқасын.
Еркін күліп еркелеуім,
Туған жердің арқасы.

Қайырмасы:

Отаным, жайнай бер,
Жазира, жерім дарқан!
Еркелеуім сенің арқаң,
Сенің арқаң, туған ел!

Аспанында мен болайын,
Ай, жұлдызды шарлаған.
Еңбегіммен ер болайын,
Барын саған арнаған.
Бір өзіндей кең болайын,
Бақыт бердің сен маған.
Қасиетіңнен айналайын,
Туған елім - кең далам.

Қайырмасы:

Отаным, жайнай бер,
Жазира, жерім дарқан!
Еркелеуім сенің арқаң,
Сенің арқаң, туған ел!

ОТАН

Музыкасын жазған Ибрагим Пүсінбаев

Туған Отан, дәулетің асқан,
Бақыт нұры сәулесін шашқан.
Асыл ана, мейірі жылы,
Еркелесем кеудесін ашқан.

Қайырмасы:

Кең алқапты шарпысын желің,
Толқып-тасып, шалқысын көлің.
Байтақ жатқан алыпсың өзін,
Отан - ана, бақытты елім.

Майда ескен таң самалыңмен,
Кеуде шертіп тамсанамын мен.
Туған Отан, сүйемін сені.
Кеудемдегі барша жалынмен.

Қайырмасы.

Шалқар көлің, өзенің қандай,
Самалыңды жұтамын балдай.
Тау мен дала гүлге оранған,
Бақыт құшқан өз елім қандай.

Қайырмасы.

ЕЛІМ БАР МЕРЕКЕЛІ

Музыкасын жазған Әблахан Еспаев

Тосінде туған жердің берекелі,
Аймалап жібек самал желі еседі.
Достықтың мекеніндей қазақ елі,
Сөз жетпес асқақ арман келешегі.

Қайырмасы:

Көкорай жайлауы бар,
Көгілдір таулары бар.
Көз жетпес аймағы бар,
Байлықтың қайнары бар.
Елім бар мерекелі,
Жерім бар берекелі.
Дәулеті, даңқы асқан —
Сәулетті Қазақстан.

Жарқырап өмір нұры жасыл қырдан,
Туған жер нәр алғандай асыл жырдан.
Қазақтың қасиетті кең даласы,
Байлығы сабасынан сапырылған.

Қайырмасы:

Көкорай жайлауы бар,
Көгілдір таулары бар.
Көз жетпес аймағы бар,
Байлықтың қайнары бар.
Елім бар мерекелі,
Жерім бар берекелі.
Дәулеті, даңқы асқан —
Сәулетті Қазақстан.

ҚАЗАҚСТАН - ГҮЛ ЖАЗИРА

Музыкасын жазған Дуңгенбай Ботбаев

Жерім бар бағында бұлбұл сайраған,
Көлім бар аққулар еркін жайлаған.
Тауым бар ақ қырау шалған асқарын,
Аулым бар қабылдап жатқан достарын.

Қайырмасы:

Сәулетті Қазақстан
Сәулетті елім,
Дәулетті жерім,
Қазақстан.
Батырлар ұшқан,
Бакытын күшқан, Қазақстан.

Қойнауда кені,
Жайлауда төлі,
Миллиард елі — Қазақстан.
Өзіңе деген,
Барымды берем,
Айналдым сенен.

Қалам бар жастықтың думан тойындай,
Далам бар халқымның шалқар ойындай.
Көңілім — жайқалған жасыл ормандай,
Өмірім — аңсаған асыл армандай.

Қайырмасы.

ГҮЛ ЖАЗИРА ҚАЗАҚСТАН

Музыкасын жазған Ибрагим Нүсіпбаев

Асқар тауым, шалқар көлім, өзенім,
Кең даламды еркін жүріп кеземін.
Бөрінен де махаббатты сеземін,
Бұл менің дәулетті өз елім.

Бөрінен де махаббатты сеземін,
Бұл менің дәулетті өз елім.

Алатауым, ай сәулелі астанам,
Таралады біздің жерден асқақ ән.
Кеңістікке Байқоңырдың төрінен,
Батырлар сапарын бастаған.

Космосқа Байқоңырдың төрінен,
Батырлар сапарын бастаған.

Гүл жазира бау-бақшалы, егінді,
Мекендеген менің байтақ жерімді,
Барлық адам жасап жатыр сәулетті,
Көрікті, бақытты өмірді.

Барлық адам жасап жатыр сәулетті,
Көрікті, бақытты өмірді.

АЛАТАУ

Музыкасын жазган Нургиса Тілендиев

Алып тұлға байсалды, манаураған Алатау,
Қызыл-жасыл гүлдері алаулаған Алатау.
Манаураған Алатау,
Алаулаған Алатау.

Қайырмасы:

Шыңына көз жетпес,
Көркіңе сөз жетпес.
Басыңнан қар кетпес,
Өзіңе тау жетпес.
Өңірің гүлді,
Өмірің нұрлы,
Жадыра, жайдарлым,
Бакыт нұр шашқан,
Даңқың бар асқан
Атыңнан айналдым.

Заңғыр тасы аспанға айбат берген Алатау,
Өр тұлғасы жастарға қайрат берген Алатау.
Айбат берген Алатау,
Қайрат берген Алатау.

Қайырмасы.

Қыз бейнелі гүліңді жиып алсам, шіркін-ай,
Шежіредей сырыңды түйіп алсам, шіркін-ай.
Жиып алсам, шіркін-ай,
Түйіп алсам, шіркін-ай.

Қайырмасы.

АЛАТАУ АЯСЫНДА

Музыкасын жазған Әсет Бейсейтов

Алатау, айналайын келбетіңнен,
Мен балаң бесігінде тербетілген.
Дүниені үш айналып кезсем-дағы,
Сендей жер табылмайды жер бетінен,

Қайырмасы:

Армандай аскарың,
Мөп-молдір аспаның.
Бұлт сүйген шындарын,
Сүйеді жас жаным.
Алатау сымбатты,
Мен үшін қымбатты.

Саянда бақыт күшқан ел іргелі,
Аялап аймалайды өмір лебі.
Озінді, Алматымды жырға қоссам,
Көрікті сөзім жетпес көңілдегі.

Қайырмасы:

Армандай аскарың,
Мөп-мөлдiр аспаның.
Бұлт сүйген шындарын,
Сүйеді жас жаным.
Алатау сымбатты,
Мен үшін қымбатты.

АЛМАТЫМ МЕНІҢ

Музыкасын жазған Мансұр Сағатов

Алматымда түр алаулап,
Алтын нұры айдың.
Жүрдің бе сен тамашалап,
Көшесінде Абайдың?

Қайырмасы:

Алматының бағы қандай.
Алмасының дәмі балдай.
Алма дидар арулар,
Қыз Жібек пен Баяндай.

Көктөбеде ақ отау бар,
Саясында ақ арман.
Бұлттан асқан Алатау бар,
Мүз бен гүлден жаралған.

Қайырмасы:

Алматының кеші қандай,
Алатаудың төсі қандай.
Күн қала бұл, Ай қала,
Аймала жел, аймала.

Өстім сенде жарқын танда,
Жастық отын жағып,
Мен есейіп марқайсам да,
Сен өсе бер жасарып.

Қайырмасы:

Алматының таңы қандай,
Алмасының дәмі балдай.
Аспанынан арайлы,
Алтын сөуле тарайды.

ГҮЛ АЛМАТЫМ

Музыкасын жазған Жолан Достенов

Қарлығаш өз ұясын,
Қорғаса, сүйсе қалай,
Өзіңді гүл Алматым,
Сүйсмін мен де солай.

Өмірдің жалындаған,
Қызығын бірге кешіп,
Гүл қалам, жалын қалам,
Келеміз бірдей өсіп.

Талай ел өкілдері,
Өзінде достасады.
Кетерде өкінеді,
Қия алмай қоштасады.

Туған жер, өскен елім,
Танданам көшене кеп.
Кейде мен сескенемін,
Көз тиіп кете ме деп.

Бақытым бір өзінде,
Сен оны қорып тұрсың.
Тулаған жүрегімде,
Дүрсілдеп соғып тұрсың.

АЛМАТЫМ

Музыкасын жазған Жалғас Назаров

Кім сүйеді Алатаудың қар басын,
Кім сүйеді Алматының алмасын.
Сенде оқып, сенде өтті жастық шақ,
Қайда жүрсем ұмытпаймын, Алматым.

Сен қалдырдың махаббаттың таңбасын,
Сен ұзарттың өмірімнің жалғасын.
Есіме алып Көктөбені, Медеуді,
Қайда жүрсем сағынамын, Алматым.

Көгершіннің ақ қанаты талмасын,
Астананың аспанында самғасын.
Сөнбек емес саған деген махаббат,
Қайда жүрсем сағынамын, Алматым.

Тамашалап мөлдір бұлақ арнасын,
Армансыз-ақ араладым тау басын.
Ордасы деп қазағымның ту тіккен,
Қайда жүрсем мақтанамын, Алматым.

АЛМАТЫМ ЖҮРЕГІМДЕ

Музыкасын жазған Әсет Бейсейтов

Шықшы дос, Алатаудың қар басына,
Көз салшы арман толы арнасына.
Өмірдің от-жалыны алау шашып,
Жанып тұр күн сәулелі Алматыда.

Қайырмасы:

Гүлі бар таңда ашылар,
Бал-шырын алмасы бар.
Бақыттың арнасы бар бір өзінде,
Гүл қала, арман қала,
Көк-жасыл орман қала,
Мәңгі от боп жанған қала -
Алматым жүрегімде.

Сөбидің күлкісі бар келбетінде,
Жүзгендей ай сәулесі көл бетінде.
Әркімнің жүрегінде ұялаған,
Осындай қала бар ма жер бетінде?

Қайырмасы.

Алматым жиып алған бар шырайды,
Көргенде кімнің көңілі шалқымайды.
Төсінде желбіреген қызыл туда,
Көсемнің ақ бейнесі жарқырайды.

Қайырмасы.

ЖЕТІСУ

Музыкасын жазған Садық Кәрімбаев

Әсем өлкем, көрікті гүлге оранған,
Келбетінде тұрғандай гүлдеп арман.
Жазира, Жетісу.
Кешегі өңсіз сары дала бүгін жайнап,
Дәуірімнің жарқырап шамы жанған.
Жалында, Жетісу.

Қайырмасы:

Алма бағы жайнаған,
Бұлбұл құсы сайраған.
Жер жаннаты - Жетісу,
Қызу еңбек қайнаған.

Алатаудың алқабын алып жатқан,
Алтын арай бақыттың шамын жаққан.
Жайнаған, Жетісу,
Жемісі - бал, жері бай, шалғын төсек,
Жер жаннаты - Жетісу байлығы асқан.
Жаңарған, Жетісу.

Қайырмасы.

Егіс толып өлкенің даласына,
Құлпырады әрбір сай, саласы да.
Гүлденген, Жетісу.
Көңілі толып көрген жан қызығады,
Бүгінгі өскен қазақтың баласын.
Түрленген, Жетісу.

Қайырмасы.

ЖЕТІСУ ЖЕРІ - ЖАЗИРА

Музыкасын жазған Дуңсенбай Ботбаев

Шаттық жырман, асқақтаған әуенмен,
Жетісуды келем жырлап әуелден.
Туып-өскен гүл жазира аймағым,
Аспандағы ақша бұлтты тау емген.

Қайырмасы:

Қарашы Алатауыма,
Қарашы әсем бағына.
Баурайы толған қазына,
Көкорай шалғын кең жайлау.
Жетісу жері - жазира,
Жетісу жері - жазира.

Нұр келбеті қызыл-жасыл жамылған,
Кең пейілді дастарқаны жазылған.
Асыл ниет арман құған адамның,
Бар керегі осы аймақтан табылған.

Қайырмасы.

Бала кезден бір өзіме тау сырлас,
Кең жайлауда қызықтырмай тау тұрмас.
Жер жаннаты — Жетісудың келбетін,
Жырлай берсем,
шырқай берсем таусылмас.

Қайырмасы.

КӨКТӨБЕ КЕШІ

Музыкасын жазған Әблахат Еспаев

Жүрші құрбым, Көктөбеге барайық,
Кеудемізге қырдың гүлін тағайық.
Алатаудың саясында сайрандап,
Алматыға тамашалап қарайық.

Алаулайды гүлдің өсем шоқтары,
Шарықтайды жастық шақтың шатты өңі.
Астананың жұлдызындай аспанда,
Жарқырайды Көктөбенің оттары.

Аспалы жол жақындатты төбені,
Асқар таулар төбемізден төнеді.
Көңіл шалқып, қанат бітіп қиялға,
Алматыға қарай бергің келеді.

Байтақ жердің бетінде де, көкте де,
Дәл осындай сырлы, сұлу жоқ төбе.
Армандастар, замандастар табысқан,
Осы болар жердің көркі Көктөбе.